

**Зайнеттинова Динара Болатовнаның
6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Желінсаумен ауырған сиырларды емдеуге иммуномодулдеуші және
микробқа қарсы препаратты қолданудың тиімділігі» тақырыбында
орындалған диссертациялық жұмысына отандық**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

**Ғылыми зерттеу жұмыстың өзектілігін заманауи ғылыми тәжірибе
үшін маңыздылығын негіздеу**

Желінсау-сүтті мал шаруашылығы өнеркәсібінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл ауру жылдың кез-келген мезгілінде пайда болып, сиырлардың өнімділігінің азаюы, сүттің қоректік қасиеттері жоғалып, технологиялық өндеуге жарамсыз және сүттің санитарлық сапасының төмендеуі салдарынан айтарлықтай экономикалық шығынға ұшыратады.

Көптеген отындық және шет елдік ғалымдар - сүт безі қабынуының этиологиясы- жоғарғы мөлшердегі түрлі бактериялар болуы мүмкін екендігін айтады. Страфилококк, стрептококк және ішек таяқшасының басты этиологиялық маңызы бар, ал қалған микроорганизмдер түрлері екінші дәрежелі болып есептеледі. Желінсаудың таралуы мен оның алдын алу мәселелеріне ғылым мен практика үлкен көңіл бөлуіне қарамастан, жыл сайын залалдық деңгейі өсуде. Сондықтан, нақты желінсаудың пайда болуына ықпал ететін факторларды зерттеудің және балау, емдеу мен алдын алу шараларының практикалық мәні жоғары.

Желінсауды емдеу кезінде антибиотиктерді ретсіз қолдану, клиникалық желінсаумен қатар, жасырын желінсаудың себебі болып келетін, антибиотикке төзімді микроорганизм штамдары пайда болуына әкеліп соқтырады.

Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, ауыл шаруашылық малдарының жиі кездесетін аурулары иммундық тапшылықтан пайда болады. Арнайы химиотерапевтикалық және иммуномодулдеуші заттарды қатар қолдану, мал организмінің қорғаныс күшін белсендендіріп, ауруды емдеу уақытын қысқартады.

Тәжірибеде желінсауга қарсы қолданыс тапқан препараттар, әдетте, бірқатар теріс немесе жанама әсерлері болатыны белгілі, атап айтқанда олардың кемшіл тұстары: микроорганизмдердің жылдам үйреніп, көндігүіне орай төмен дәрежедегі тиімділігі, ауру жануар организмінің қорғаныс механизмдерінің күйзеліске ұшырауы, саңырауқұлақты этиологиядағы желінсаулардың ушығу ықтималдығы, аллергиялық әсер т.с.с. Осының бәрі зерттеушілерді жаңа кешенді дәрілік заттарды іздестіруге итермелейді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы желінсауды емдеуге шырганақ майымен ДАС-2 (Дороговтың антисептик стимуляторы) фракциясынан дайындалған иммуномодулдеуші «Дороб» атты препараты алғаш рет қолданылды (патент пайдалы модель №4272-Сиырлардың желінсау мен көбею мүшелерін емдеуге арналған препарат). Ізденушінің зерттеуі бойынша шырганақ майы

жануарлардың иммунитетін жоғарлатады. Шырғанақтың жемісі аскорбин қышқылына, В1, В2, В6 дәрумендеріне, ал дәні майға (12,5%), каротин мен В1, В2, Е дәрумендеріне бай. Ал ДАС-2 фракциясы желінсау терапиясында емдік әсері жоғары болып табылды.

Емдеуге қолданылған «Дороб-К» препаратының құрамы ДАС-2 фракциясынан, табиги дәрілік өсімдіктердің 7 түрінен, бірегей технология бойынша дайындалған сывындыдан тұратын өсімдік тектес препарат. Оның құрамында қызыл-май, полифит майы бар. Қызыл-майдың қан тамырларын тарылтатын тарылтатын, антисептикалық, қабынуға қарсы және ауруды басатын әсерге ие және ұлпалардың қалпына келуіне ықпал етеді.

«Нитрыб» препараты желінсауды емдеуде алғаш рет қолданылған. Бұл препараттың құрамына Нитокс 200 бен балық майы 10:1 қатынасында қолданылған. Нитокс 200 антибактериалдық препарат, ал балық майында А және Д дәрумендері көп болады.

Өндіріс жағдайында «Дороб», «Дороб-К», «Нитрыб» препараттары жеңіл және оңай дайындалады. Бұл препараттар қабынуға, микробқа қарсы, тез жазылуына әсер ететін қасиеті бар болып табылады. Препараттардың құрамындағы заттар аз мөлшерде қолданылады, тез дайындалады және желінсауды емдеп, өнімділігінің қалыпқа келуіне мүмкіндік берді.

Сонымен, диссертациялық жұмыста клиникалық және зертханалық зерттеулер негізінде жүргізілген кешенді зерттеудің, балау және емдеудің тиімді әдістерін қолдану нәтижелері тұжырымдалған.

Жұмыста тәжірибелік зерттеу маңыздылығы-патент пайдалы модель №4272 «Сиырлардың желінсау мен көбею мүшелерін емдеуге арналған препарат»; Жұмыстан алғынған нәтижелер «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 5B120100-«Ветеринариялық медицина» оқу бағдарламасының оқу үрдісіне енгізілді; -Қолданылған емдік шаралары Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы «Балке», Стеклянка ауылдық округі «Каликанулы», Семей қаласы Знаменка ауылы «Мади-Р» шаруа қожалықтары өндірісне енгізілді.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдістемелік ережелерді ашу

Диссертацияда ізденуші негізгі ғылыми және әдістемелік ережелерге сүйеніп Қазақстанның шығыс өніріндегі шаруа қожалықтарында желінсаудың таралуына мониторинг жасап, клиникалық, гематологиялық зерттеулерді және субклиникалық желінсауды балау мақсатында әр түрлі зертханалық зерттеулерді (5%-димастин, мастоприм, бромтимол, Уайтсайд, КМТ, сүтті тұндыру сынамалары, ПЭДМ электрлік құрылғы, «Лактан 1-4 М», «Милтек-1», арнайы сүт сүзгішті қолдану және сүттегі лейкоцит пен микроорганизмдердің санын анықтау) қолданған.

Зерттеу нәтижесінде алғынған негізгі тұжырымдар теориялық түрғыдан негізделген және практикалық маңызы бар. Бұған шаруа қожалықтарының («Балке», «Каликанулы», «Мади-Р» ШК) өндірісіне енгізу акттерінің болуы дәлел бола алады.

Диссертация бойынша 13 ғылыми мақала, соның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

ұсынған ғылыми журналдарда 3 (үш) мақала, Veterinary Sciences Vet. Sci. 2022, 9 (8), 398. American Journal of Animal and Veterinary Sciences. 2023 DOI:10.3844/ajavsp.2023.1-12 (Web of Science және Scopusбазасына кіретін, импакт-факторы нөлден жоғары 2 (екі) мақала, патент пайдалы модель №4272, №8213, №8104 Сиырлардың желінсауы мен көбею мүшелерін емдеуге арналған препарат.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі

Ғылыми зерттеу жұмыстары 2017-2020 жылдары орындалған. Зерттеу жұмысының мақсаты Шығыс Қазақстан облысы шаруашылықтарындағы сиыр желінсауын балау және емдеуге тиімді иммуномодулдеуші және микробқа қарсы препараттардың тиімділігін анықтау. Осы жұмыстың барысында «Мади-Р», «Балке», «Каликанулы» шаруашылықтардағы желінсаудың таралуын және түрлері, туындау себептері анықталды, сонымен қатар желінсаудың түріне байланысты препараттардың антимикробты әсері мен иммуномодулдеуші емдік әсері анықталды.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұластыры

Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты қойылған. Зерттеу нәтижелері қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында заманауи әдістерді пайдаланған. Жұмыстың тақырыбына сай шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерді пайдаланған.

Диссертациятұжырымдары зерттеудің барлық қойылған міндеттері бойынша нәтижелерді көрсетеді. Алынған нәтижелер зерттеулердің практикалық және ғылыми компоненттерін шешуге бағытталған. Зерттеу жұмыстарының құрылымы, мазмұны, әр бөлімі, желінсауды балау, емдеу шаралары аясындағы ішкі мазмұны мен тұжырымдары бірдей болуымен сипатталады.

Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі

Докторант жеке патенттік ізденіс және ғылыми әдебиетке шолу жасаған және теориялық негіздеген, зерттеу әдістемелерін игеріп ғылыми эксперименттерін кеңінен жүргізген. Желінсаудың себептерін анықтап, жаңа емдік препарат ойлап тапқан, оны сынақтан өткізіп, нәтижелерін ғылыми мақалаларда жариялаған. Ойлап тапқан препаратқа патент алған, алған нәтижелерін осы бағыттағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектермен байланыстырып, ғылыми түрде негіздеген.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі

Зайнеттинова Динара Болатовнаның оку және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында мақсат пен міндеттерін, ғылыми түрде жоспарланған мерзімде аяқтады. Осы бағытта Д.Б.Зайнеттинова қойылған міндеттер бойынша нәтижелерін алды. Докторант алған нәтижелеріне толық талдау жасап, зерттеулерінің нәтижелерін толығымен көрсетіп ғылыми негізделген патент алған. Сонымен қатар, Д.Б.Зайнеттинова С.Гжицкий атындағы Львов ұлттық ветеринариялық медицина және биотехнология университетінің Г.В. Зверева

атындағы кафедрасының ғылыми зерттеу зертханасында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Жұмыстың нәтижелерін тәжірибеге, Қазақстандық аграрлық ЖОО және С.Гжицкий атындағы Львов ұлттық ветеринариялық медицина және биотехнология университетінің оқу үрдісіне енгізілген.

Қорытынды

Зайнеттинова Динара Болатовнаның диссертациялық жұмысы жоғары әдістемелік деңгейде орындалған. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері жинақталып, өндіріске және ауылшаруашылық жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне енгізілген. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді.

Автор диссертациялық жұмыстағы зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда, білім және ғылым министрлігі ұсынған баспаларда мақалалары жарияланған. Зерттеу жұмысының нәтижелері Q2 және Q3 квартиль, процентилі – 63 және 40 болатын Scopus компанияларының мәліметтер базасына кіретін журналда жарияланған. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері теориялық және тәжірибелік маңызы бар екенін дәлелдеді.


Жоғарыда айтылғандардың негізінде Зайнеттинова Динара Болатовна «Желінсаумен ауырған сиырларды емдеуге иммуномодулдеуші және микробқа қарсы препаратты қолданудың тиімділігі» тақырыбында дайындалған диссертациясы, қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы философия дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі:

Ветеринария ғылымдарының
докторы, профессор

 Джуланов М.Н.

М.Н. Джулановтың қолын раставмын
ҚҰАЗУ бас ғылыми хатшысы,
э.ғ.д., профессор



Керимова У.К.

